



Баспасөз хабарламасы

**Halyk Finance беделді халықаралық «Global Finance» журналының нұсқасы бойынша
«Қазақстанның үздік инвестициялық банкі» деп танылды**

Алматы қ., 14 ақпан 2022 ж.

Белгілі халықаралық «Global Finance» журналы (www.gfmag.com) жетекші халықаралық инвестициялық банктерді жыл сайынғы іріктеу нәтижелері бойынша «Қазақстан Халық банкінің «Halyk Finance» еншілес ұйымы» АҚ (бұдан әрі – «Halyk Finance») «Қазақстандағы үздік инвестициялық банк 2022» («Best Investment Bank in Kazakhstan 2022») атағына ие болды.

«2021 жылы жалғасып жатқан індетке және нарықтардағы құбылмалылыққа қарамастан, Halyk Finance командасы Қазақстанның қор нарығындағы ұсыныстар спектрін әртараптандыруға және өз қызметінің әртүрлі бағыттарында табысқа қол жеткізе алды. Атап айтқанда, біз MOEX және KASE орталықтандырылған жазылымы және есептеулері бар бірінші рубльдік облигацияларды, дебюттік «жасыл» облигацияларды және Halyk Finance клиенттері үшін қазақстандық «әлеуметтік» облигациялар эмитенттерінің арасында бірінші шығарылымдарды және орналастыруды қамтитын бірнеше шын мәнінде бірегей мәмілелерді жүргіздік. Өткен жыл ішінде біз корпоративтік инвестициялық банк ретінде даму тұжырымдамасынан толығымен бас тартып, жек сегментте қуатты серпіліс жасадық. Осылайша, Halyk Finance жеке тұлға-клиенттер базасы 5 еседен астам өсті және 55 000 адамнан асты. Бұл ретте 2021 жылы біздің Halyk Invest қосымшамыздың көмегімен қазақстандық жеке инвестордың әрбір екінші шоты Бағалы қағаздардың Орталық депозитарийінде ашылды, бұл жақын бәсекелестердің жеке клиенттерінің өсімінен айтарлықтай асып түседі. Өткен жылы Halyk Finance басқаруындағы қорлардың таза активтерінің құны 20,2 млрд теңгеден 64,6 млрд теңгеге дейін үш еседен астам өсті, ал компанияның осы сегменттегі нарықтық үлесі ашық және аралық пай қорлары нарығындағы біздің жетекші позициямызды көрсете отырып, 23% - дан 46% - ға дейін екі есе өсті. Сонымен қатар, қазіргі уақытта Halyk Finance елдегі ең ірі аралық инвестициялық қорды – «Halyk-валюталық» басқарады. Бұл жетістіктер Global Finance жоғары кәсіби бағасына ие болғанына мен ерекше қуаныштымын», - деп түсініктеме берді Halyk Finance Басқарма Төрағасы Фархад Охонов.

Жеңімпаздарды анықтау үшін «Global Finance» журналының редакциялық алқасы инвестициялық-банк секторындағы жетекші сарапшылармен бірлесіп, үміткерлерді нарықтық үлес, ұсынылатын қызметтердің сапасы, мәмілелердің саны мен көлемі, сату арналарының дамығандығы, инновациялар, баға белгілеудің тиімділігі және бедел сияқты өлшемшарттар бойынша бағалады.

Бұған дейін Halyk Finance 2011, 2012, 2014, 2015, 2019, 2020, 2021 жж. Global Finance нұсқасы бойынша «Қазақстанның үздік инвестициялық банкі» атағын алған болатын.

«Halyk Finance» АҚ – қаржылық консалтинг пен андеррайтингті, корпоративтік қаржыландыру қызметтерін, брокерлік қызметтер мен бағалы қағаздар саудасын, KASE және AIX сауда алаңдарында маркет-мейкер қызметтерін, инвестициялық портфельді басқаруды, сондай-ақ тұрақты Талдамалық қызметтерді қоса алғанда, инвестициялық-банктік қызметтердің толық кешенін көрсететін Қазақстанның жетекші инвестициялық банкі. Компания халықаралық кредиттік рейтинг ("Fitch Ratings" халықаралық рейтингтік агенттігінен "BBB -") алған Қазақстандағы алғашқы брокер-дилер болып табылады.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ – ең ірі клиенттер базасы мен тарату желісі бар Қазақстандағы жетекші қаржы тобы және жетекші жеке банк. Банк өзінің жеке клиенттеріне, шағын және орта бизнес клиенттеріне және корпоративтік клиенттерге қызметтердің кең спектрін (банктік қызметтер, сақтандыру, лизинг, брокерлік қызметтер және активтерді басқару қызметтері) ұсына отырып, әмбебап қаржы тобы ретінде дамып келеді. Банк сондай-ақ Ресей, Грузия, Тәжікстан, Өзбекстан және Қырғызстанда өз операцияларын жүзеге асырады.

Global Finance – таралымы 50 000 данадан асатын және 189 елде оқырмандары бар халықаралық қаржылық басылым.

Қаржылық кеңес беру
және андеррайтинг департаменті
«Halyk Finance» АҚ
тел.: + 7 (727) 331 59 73
www.halykfinance.kz

PR қызметі
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ
тел.: +7 (727) 259 08 91
www.halykbank.kz